



**Егемен Қазақстан**

## Шыңғыстаудың Шәкірі

Архат пен Құндызды ауылына болыстық еткен Әбен қажы ұлды боларын түсінде көріп, «балам тар заманда өмір сүреді, алайда ақыл-парасаты биік тұлға болады» деп жорыпты. Көреген кісі ғой. 1901 жылдың көктемінде Құндызды ауылындағы Әбеннің Ақтасы деген жерде сәби іңгәсі естіледі. Әкесі құдайға шукір етіп, есімін Мұхамедшукір қояды. Айтқанындай, Шәкір ақын – алмағайып заманда жұрттың жоғын жоқтап, мұнын мұндаған тұлға еді.



Осыдан отыз жыл бұрын Қазақстан Тәуелсіздігін алып, Тұңғыш Президентін сайлады. «Баталы ел көгерер» деген ырыммен тоқсандағы Шәкір Әбенов халықты болашаққа бастаған Нұрсұлтан Назарбаевқа ақ батасын берді. Ел еркіндігін өмір бойы аңсап келген Шәкір ақынның бата беруі занды еді. Абыз ақсақал сахнада Нұрсұлтан Назарбаевтың иығына оюлы шапан жауып, құрмет көрсеткені де елдің көз алдында.

«Батаның екі жолы бар, бірі – негізгі бата, бірі – лебізді бата дейді. Негізгі бата – халықтың батасы. Сол үшін үш міндет атқару керек. Бірінші – жұмыскер, диқаншы, мал өсіруші шаруалардың енбегіне ысырап жасатпай, дұрыс бақылап отыру. Екінші – халыққа зиян келтіретін, зорлықшыл зұлымдарға аяусыз жаза беріп, тыйым салу. Үшінші – әлдекім қателессе, халықтан кешірім сұрап, өз қатесін өзі түзеу. Міне мұны халық беретін негізгі бата дейді. Менің беретін батам – халықтың аңсаған арманы, келешектен тілеуі» деп Тұңғыш Президентке ақ батасын берген.

**Әбеннен қозғалған әңгіме...**

Ақын, фольклоршы, сазгер Шәкір Әбенұлының туғанына биыл 120 жыл толды. Соған орай ақынның қызы, әрі Құндызды ауылдындағы музей-үйінің экскурсоводы Сана Шәкірқызымен әңгімелескенбіз. 2002 жылы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі құрамына өткен ақынның музейіндегі құнды жәдігерлер мен сарғайған қолжазбаларды Сана Шәкірқызы бірнеше жыл үйдің шатырында, сандықта сақтап келген екен.

– Әкем туралы көп жазылды. Бірақ сен мынау бір деректі жазып ал, – деп ашыла сөйледі. – Әбен атамыз бай-манап болған адам. Ел билеу саясатын жақсы менгерген. Архат пен Құндызды ауылдарында болыс болыпты. Айтайын, бірде Абай атамыз Құндыздының Ақшилі деген жеріне келеді. Сонда Дүтбай құдасы тұратын. Келгендегі себебі, «Құндызды ауылын Дүтбай билесін» депті. Біздің атамыз да мінезді адам ғой. Ауылын біреуге басқартсын ба?! Сол екі ортада жағдай шиеленісіп, бүкіл тобықты жиналған. Әбен атамыздың Нұрғазы деген содырлау інісі болыпты. Сол білдірмей қамшысын ала шығады. Атамыз: «Әй, Абай қой! Алсаң Архатты ал, Құндыздыны бермеймін» деп ымыраға келгісі келген. Абай да қитыққан болуы керек. Сол кезде Нұрғазы қамшымен басынан салып кеп жіберіпті. Ел шу еткен. Бұдан соң Нұрғазы біржола айдалып кетейін деп тұр. Інісін аман алып қалу үшін Әбен атамыз «мен ұрдым» деп, айыппұл төлеп құтылыпты. Ел арасында «Әбен Абайды ұрды» деген қауесет содан қалған, – деп әріден, Әбеннен қозгады әңгімесін.

Әбен Бітімбайұлы туралы әңгіме-деректер аз емес. Ертеңіне көрегендікпен қараған ол баласы Шәкірдің тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Мұсылманша хат танытқан, домбыра шертуге үйреткен. Кейін Семейдегі Приходская школада үш жыл оқытып, 1915 жылы ер балалар гимназиясына берген. Уфадағы «Фалия» медресесінен алған білімі де бар. Әбен қажы өзі сауда-саттықпен де айналысқан. Ауылға ине-жіп, керек-жараптарын жеткізіп тұрған.

– Атамыз сұңғыла кісі екен. Байкөкше, Жанақтай ақындарды ауылдына шақыртып, домбыра тартқызған. Әкеміз бес жасында-ак «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» дастанын тындалп, жаттап алады екен. Кейін, 1917 жылы дастанды өзі қайта жазып шыққан. «Таң шебер – Жапал» поэмасы да өмірде болған оқиға, – дейді Сана Шәкірқызы.

Сонымен қатар Шәкір Әбенов «Кейпін батыр», «Ортақ арал», «Қорқыт қобызы», «Пәрмен», «Алданған қыз», «Патша мен байғыз», «Ана маҳаббаты», «Тоқтамыс батыр» атты тарихи-тәнімдық тақырыптағы дастандардың, «Шыңғыстау», «Шыңғыстау сазы» деген жыр жинақтарының авторы. Жиырмадан астам ән-күйі және бар. Шәкір Әбеновтің тағы бір қасиеті – Фирдауси, Науайдан бастап, Бұқар, Жанақ, Сыrbай сынды жыраулардың жырларын, Абай, Шәкәрім, Көкбайлардың өлеңдерін өле-өлгенше жадына сақтап жүрді. Лермонтов, Пушкиндерді де жатқа соғатын. Темірден түйін түйген ұсталығы да бар еді.

**Түрмедегі тұс**

Шәкір атанаң ұлт үшін еткен еңбегі ұшан. Сол үшін де сан рет сотты болғанын, құғын-сүргінде жүргенін білеміз. Біле тұра, тың деректер айта ма деп Сана Шәкірқызынан атанаң айдауда жүрген жылдарынан сыр шертуді сұрадым. Терең тыныстап, «Біздің көрмеген тауқыметіміз бар ма?!» деп ойға шомғандай болды. Әкесінің өмірі көз алдынан кинолентадай өтіп жатса керек.

– Азғантай тобықтыны бір арнаға тоғыстырып ұстаған Құнанбай мықты адам еді. Айтпағым, Кеңес өкіметі менің әкеме Құнанбайдың қаталдығын, байшонжарлардың әділетсіздігін көрсете отырып, өлең жаз деген фой. Мұндайды күтпеген әкем бірден бас тартқан. «Сендер үшін ата-бабамды жамандап, қарғысқа ұшырамаймын. Өмір-бақи сүйегіме таңба болады» деп кесе сөйлеген. Сол үшін де шығар, айдауда болды. Байқайсың ба, Кеңес өкіметін мақтап жазған бірде-бір өлеңі жоқ, – деді нығыздай сөйлеп. – 1931 жылдан бастап құғынға ұшырады. Кәмпескеуге қарсы шықты, Кеңес өкіметінің тапсырмасын орындағады. 1928 жылы Сәкен Сейфуллиндердің бастауымен қазақ жазушыларының «Алқа» деген шығармашылық ұйымы құрылып, Шәкір Әбенұлы соның хатшысы болған. Илияс, Сәкендермен жақын араласты. Бейімбетті қарапайым, момын деп отыратын. Бес-алты рет темір торға қамалды. Алматының Боралдай түрмесіне түскенде «Шәкір бастаған топты аман алып қаламыз» деген жақтастары камера ішінен жерасты жолын қазып, қашып шыққан. Ал Сәкендер отырған қапастың қабырғасы цемент болып, ұнғи алмаған. Олар сол жерде атылып кетті. Әкемнің әңгімелерін ұмытпаймын. Тағы бірде Қайым Мұхамедхановпен бір түрмеде отырдық дейтін. Сонда тағы бір өлімнен қалыпты. Погондылар абақтыдағыларды асырауға мүмкіндік жоқ, 1000 адамның 500-ін ату керек деп тізім жасаған екен. Сапқа тұрғызғанда Қайым Мұхамедханов, «өлсек бірге өлейік, өлмесек бірге қайтамыз» деп Шәкір екеуінің ортасына егде жастағы қарияны қоя қойыпты... Әкеміздің тартпаған азабы бар ма, – деп өткен өмір соқпағын есіне алды Сана Шәкірқызы.

Айтуынша, Шәкір Әбенұлы 1961 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Әбділдә Тәжібаевтың көмегімен ақталыпты. Музейдің сөресінде тұрған аккордеон мен жазу машинкасын сонау Сібірдегі абақтыдан ақталып шаққанда арқалап алғып келіпті. Бостандыққа 1954 жылы шыққанымен, ауылына бір жарым жылдан соң жеткен.

– Мариновскідегі Александр түрмесінде немістің бір ғалымымен отырыпты. Егде жастағы кісі болса керек, соның ас-суын беріп, күтімін жасаған екен. Музыкалық аспаптарда ойнауды да немістің қариясынан үйренген фой. Әкемізге риза болған ғалым аккордеон мен жазу машинкасын сыйласп жіберген. Бірақ тұрмеден шыққан соң бірден үйге орала алмады. Жолына ақша табу үшін ән салған, аккордеонда ойнаған. Орыстың әндерін нақышына келтіріп орындағайтын.

Иә, Сібірден мындаған шақырымды жаяу басып өтіп, Шыңғыстауға жету оңай емес. Қыстың аязында қар төсөніп, мұз жастанды. Айтса айтқандай, тартпаған тауқыметі қалмапты. Астаң-кестең заманда Ұлы Отан соғысына

қатысып, кеудесін оққа да тосты. Тұрмеде жатқанда әкесі түсіне кіріп, «соғысқа барсан, аман ораласың, қамақта жатсан, өлесің» деп аян беріпті. Содан қырық жасында қару алып майданға аттанған.

### «Кеңшілік заман туады»

Соғысқа дейінгі тағдыры да аңы болды. Әкесі еркелетіп өсіргенімен, өзі дүние салған соң Шәкірдің соңына шам алып түскендер аз болмады. Оған әкесінің Меккеге барғаны да себеп болса керек. Отбасылық өмірі де қиындыққа толы еді. Тұңғышы Кенесарыдан айырылды, Сапарғали деген ұлы 1930 жылдары аштықтан көз жұмды. Сол жылдары әйелі де өмірден озды. Ал қызы Орынтай Матай стансасының баласына тұрмысқа шыққан. Кейінгі әйелінен Дауа, біз әңгімелесіп отырған Сана апай туған.

Дауа Шәкірованы «Қызы Жібектің» рөліне 400 қыздың ішінен таңдал алынғанын біреу білсе, біреу білмейді. 1966 жылы басты рөлге іріктеуден өтіп, 1967 жылы фильмнің басты рөліне шақыртқанда Дауа өмірден өтіп кеткен еді.

– Дауа 21 жасында ғана дүние салды. Адам қолынан деп ойлаймыз. Бірақ бізге троллейбуста тоқ соқты деді. Анамның жылағаны әлі көз алдымда. Әкем болса, қайтыс боларын сезіп жүрді. Үш күн бойы Көленбай ағаның үйінде жатып алды. Кейін қайдан білдің деп сұрасақ, «тұрмеде отырғанда 21 жылға алданыш берем деп аян берген» деп жауап қатқан еді. Иә, Дауаның тал бойында бір мін жоқ сұлу еді. Бір айдан соң сіңлім қайтты. Он екіні жерге көмдік. Әкем мен шешемнің көрмегені жоқ. Сонда әкем: «Дөңгелеген дүние. Өмір сұру үшін шыдамдылық, қайсарлық, батылдық, адалдық, сабырлық керек» деп отыратын. Анам Серікбебе Молдаханқызы да мықты адам болды, – дейді Сана апай күрсініп.

«Абыз ақсақалдың ақындығы өз алдына, сәуегейлігі де болған екен...» деп әңгімені сабактай түскім келді.

– Иә, өзіміз таңғалатынбыз. Нұрсұлтан Назарбаев Президент болғанда, «бір рет сайланды, енді бес рет сайланады» дегені есімізде. Содан соң, «соғыссыз бір зұлмат заман келеді» әрі қарай қеңшілік заман туатының болжады, – дей бергенде «әүмин» дестік. – Әкем Абай туралы дастан жазып отырып, «мен Абайды жаза алмайды екенмін, Шәкір болып кетті» деп қағазын отқа лақтырып жіберді. Екі-үш қағазды қоса лақтырды. Лап ете түсті. Жұлып алдым. Өртеніп үлгеріпті. Бүтін жеріне көз жүгіртсем, ақталғаны туралы жазыпты. Шет-шетін қиып, бір кітаптың арасына сала салғам. Қазір құнды мұрага айналды. Музейде тұр, – дейді Сана Шәкірқызы.

Музейде Әбеннің әuletінен қалған 364 жәдігер бар. Әбеннің 1912 жылғы домбырасы, мылтығына дейін тұр. Шәкір ақсақалдың саятшылықпен айналысқанын аңғартатын көк қаршығасының тұлыбы да мұражайға қойылған.

Биыл Шәкір Әбенұлының 120 жылдығына орай Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне

қарасты Құндыздыдағы Шәкір Әбенұлының музей-үйі толық жөндеуден өтіп, қайта жаңғырды.

**Шығыс Қазақстан облысы,**

Абай ауданы